

## Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) Қазақстан Республикасының тұрақты жұмыс істейтін көрмесін және көрме-коммерциялық орталығын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1049 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 9-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшылары кеңесінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы шешімдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіптік палатасының қатысуымен "Бүкілресейлік көрме орталығы" мемлекеттік акционерлік қоғамы" ашық акционерлік қоғамының N 11» "Металлургия" павильоны базасында Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) Қазақстан Республикасының тұрақты жұмыс істейтін көрмесін және көрме-коммерциялық орталығын (бұдан әрі - көрме) ұйымдастыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

1) "Бүкілресейлік көрме орталығы" мемлекеттік акционерлік қоғамы" ашық акционерлік қоғамымен Көрмені ұйымдастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасын ;

2) "Бүкілресейлік көрме орталығы" мемлекеттік акционерлік қоғамы" ашық акционерлік қоғамымен бірлесіп, Көрмені ұйымдастыру жөніндегі тұжырымдаманы бекітсін ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*